##### *Алискирен және құрамында алискирен бар дәрілік препараттар*

Қант диабетінсіз немесе бүйрек функциясының бұзылуы жоқ (ШСЖ < 60 мл/мин/1,73 м<sup>2</sup> дене беткейі ауданына) пациенттерде гиперкалиемия дамуының, бүйрек функциясы

нашарлауының және жүрек-қантамырлық ауруға шалдығу жиілігінің артуы мен өлімге ұшырау жиілігі жоғары (4.4 бөлімін қараңыз).

#### *АРА II және АӨФ тежегіштерімен емді біріктіру*

Қолда бар әдеби деректер бойынша, анықталған атеросклероз ауруы, жүрек жеткіліксіздігі немесе нысана-ағзалардың зақымдануымен қант диабеті бар пациенттерде АРА II және АӨФ тежегіштерін бір мезгілде қолдану, РААЖ әсер ететін тек бір препаратты қолданған оқиғалармен салыстырғанда, артериялық гипотензия, естен тану, гиперкалиемия және бүйрек функциясы нашарлауының (бүйректің жедел жеткіліксіздігін қоса) даму жиілігінің артуына алып келеді. РААЖ қосарлы бөгелісін қолдану (мысалы, АРА II және АӨФ тежегіштерін бір мезгілде қолданған жағдайда) бүйрек функциясы, қан плазмасындағы калий мөлшері және АҚ қатаң бақыланатын бірлі-жарым жағдайлармен шектелуі тиіс (4.4 бөлімін қараңыз).

#### *Эстрамустин*

Бірге қолдану ангионевроздық ісіну (Квинке ісінуі) сияқты жағымсыз әсерлердің даму қаупінің артуына алып келуі мүмкін.

*Калий жинақтаушы диуретиктер (мысалы, триамтерен, амилорид) және калий (тұздар)*

Гиперкалиемия (өліммен аяқталуы мүмкін), әсіресе, бүйрек функциясының бұзылуында (гиперкалиемиямен байланысты аддитивті әсерлер).

Периндоприлді жоғарыда аталған дәрілік препараттармен біріктіру ұсынылмайды (4.4 бөлімін қараңыз). Егер, дегенмен де, бірге қолдану көрсетілсе, оларды алдын ала сақтану шарасын қадағалаумен және қан сарысуындағы калий мөлшерін жүйелі бақылаумен қолдану керек.

Жүректің созылмалы жеткіліксіздігінде спиронолактон қолдану ерекшеліктері әріқарай мәтін бойынша сипатталған («Бірге қолдану ерекше сақтануды талап етеді» қосалқы бөлімін қараңыз).

#### Бірге қолдану ерекше сақтануды талап етеді

##### *Гипогликемиялық дәрілер (инсулин, қант төмендететін пероральді препараттар)*

Эпидемиологиялық зерттеулер АӨФ тежегіштерін және гипогликемиялық дәрілерді (инсулиндер, қант төмендететін пероральді препараттар) бірге қолданудың инсулин және ішке қабылданатын гипогликемиялық дәрілердің гипогликемиялық әсерін тура гипогликемияның дамуына дейін күшейтуі мүмкін екенін көрсетті. Осындай әсерін,

бәрінен ықтималды, бірлескен емнің алғашқы апталарының ішінде, сондай-ақ бүйрек функциясының бұзылуы бар пациенттерде байқауға болады.

#### *Калий жинақтамайтын диуретиктер*

Диуретиктер қабылдап жүрген пациенттерде, әсіресе, гиповолемия және/немесе тұз концентрациясының төмендеуі бар пациенттерде периндоприлмен емнің басында шектен тыс АҚ төмендеуін байқауға болады, оның даму қаупін диурездік дәріні тоқтату жолымен, периндоприлмен емді бастар алдында жоғалтқан сұйықтықты және тұздарды толықтырумен, сондай-ақ периндоприлді әріқарай біртіндеп арттырылатын төмен дозада тағайындаумен азайтуға болады.

*Артериялық гипертензияда* диуретиктермен ем аясында гиповолемия және/немесе тұз концентрациясының төмендеуі бар пациенттерде диуретиктер АӨФ тежегішін қолдану басталғанша тоқтатылуы тиіс (осы орайда, калий жинақтамайтын диуретикті кешірек қайта тағайындауға болады) немесе АӨФ тежегіші ол әріқарай біртіндеп арттырылатын төмен дозада тағайындалуы тиіс.

*Диуретиктерді жүректің іркілісті жеткіліксіздігі жағдайында қолдану кезінде* АӨФ тежегіші, мүмкін, бір мезгілде қолданылатын калий жинақтамайтын диуретик дозасын азайтудан кейін өте төмен дозада тағайындалуы тиіс. Барлық жағдайларда бүйрек функциясы (креатинин концентрациясы) АӨФ тежегіштері қолданылатын алғашқы апталарда бақыланып отыруы тиіс.

#### *Калий жинақтаушы диуретиктер (эплеренон, спиронолактон)*

Эплеренон немесе спиронолактонды тәулігіне 12,5 мг-ден 50 мг дейінгі дозаларда және АӨФ тежегіштерінің төмен дозаларын қолдану:

Сол жақ қарыншаның < 40% лықсыту фракциясымен және бұрын қолданылған АӨФ тежегіштерімен және «ілімекті» диуретиктермен NYHA жіктеуі бойынша II-IV функционалдық класына жататын жүректің созылмалы жеткіліксіздігінің емінде, әсіресе, препараттардың осындай біріктіріліміне қатысты нұсқаулар қадағаланбаған жағдайда гиперкалиемия қаупі (өліммен аяқталуы мүмкін) болады.

Дәрілік препараттардың осындай біріктірілімін қолданар алдында гиперкалиемия мен бүйрек функциясы бұзылуының жоқ екеніне көз жеткізіп алу қажет.

Қандағы креатинин және калий концентрациясын жүйелі бақылап отыру ұсынылады: емдеудің алғашқы айында апта сайын және одан кейін ай сайын.

#### *Плазминогеннің рекомбинантты тіндік белсендіргіштері (rtPA, алтеплаза)*

Жедел ишемиялық инсульт кезіндегі тромболитикалық ем үшін АӨФ тежегіштері мен алтеплаза алып жүрген пациенттерде ангионевроздық ісінудің жоғары даму қаупі болуы мүмкін.

#### Бірге қолдану назар аударуды талап етеді

Гипотензиялық дәрілер және вазодилататорлар

Осы препараттарды бірге қолдану периндоприлдің гипертензияға қарсы әсерін күшейтуі мүмкін. Нитроглицерин және басқа нитраттармен немесе басқа вазодилататорлармен бірге қолдану кезінде қосымша АҚ төмендеуі мүмкін.

*Аллопуринол, цитостатикалық және иммунодепрессиялық дәрілер, жүйелі кортикостероидтар және прокаинамид*

АӨФ тежегіштерімен бірге қолдану лейкопенияның жоғары қаупімен қатар жүруі мүмкін (4.4 бөлімін қараңыз).

#### *Анестезияға арналған дәрілер*

АӨФ тежегіштері жалпы анестезияға арналған бірқатар дәрілердің гипотензиялық әсерін күшейтуі мүмкін (4.4 бөлімін қараңыз).

#### *Симпатомиметиктер*

Симпатомиметиктер АӨФ тежегіштерінің гипертензияға қарсы әсерін әлсіретуі мүмкін.

#### *Алтын препараттары*

АӨФ тежегіштерін, оның ішінде, периндоприлді және инъекциялық алтын препаратын (натрий ауротиомалаты) бірге қолдану аясында пациенттерде нитритоидты реакциялардың (бет терісінің гиперемиясы, жүрек айну, құсу, гипотензия сияқты симптомдармен) сирек жағдайлары жөнінде хабарланды.

### **4.6. Фертильділік, жүктілік және лактация**

Нолипрел Би-форте дәрілік препараты жүктілік кезінде қарсы көрсетілімді. Нолипрел Би-форте дәрілік препараты бала емізу кезеңінде қарсы көрсетілімді. Ана үшін емнің маңызын бағалау және бала емізуді тоқтату немесе препаратты қабылдауды тоқтату шешімін қабылдау қажет.

#### Жүктілік

#### Индапамид

Индапамидті жүкті әйелдерде қолдану деректері жоқ немесе шектеулі (300-ден аз жүктілік нәтижесі). Жүктіліктің III триместрінде тиазидті диуретиктерді ұзақ уақыт

қолдану анада гиповолемияны, сондай-ақ жатыр-плаценталық қан ағымының төмендеуін тудыруы мүмкін, бұл фетоплаценталық ишемияға және шарананың даму кідірісіне әкелуі мүмкін.

Жануарларда жүргізілген зерттеулерде тұқым өрбіту функциясына тікелей немесе тікелей емес уытты әсері анықталмады.

Алдын ала сақтану шарасы ретінде индапамидті жүктілік кезінде қолданбауға кеңес беріледі.

#### Периндоприл

Қазіргі таңда жүктіліктің бірінші триместрінде АӨФ тежегіштерін қабылдау кезіндегі тератогенді қауіп туралы сенімді эпидемиологиялық деректер жоқ, алайда, шарана дамуының бұзылу қаупінің біршама артуын жоққа шығаруға болмайды. Жүктілікті жоспарлап жүрген пациент әйелдерге дәрілік препаратты тоқтату және, егер тек АӨФ тежегіштерімен ем қажет болмаса, жүктілік кезінде қолдануға рұқсат етілген басқа гипотензиялық дәрілерді тағайындау керек. Жүктілік анықталғанда АӨФ тежегіштерімен емді дереу тоқтату, ал қажет болса, басқа ем тағайындалу керек.

Жүктіліктің II және III триместрлерінде АӨФ тежегіштерімен емнің адамда шаранаға фетоуытты әсерін (бүйрек функциясының төмендеуі, олигогидрамнион, бассүйек сүйектерінің баяу оссификациясы) және жаңа туған нәрестеге уытты әсерін (бүйрек жеткіліксіздігі, гипотензия, гиперкалиемия) көрсететіні белгілі.

Егер пациент әйел жүктіліктің II триместрінен бастап АӨФ тежегіштерін қабылдаса, бассүйек күйін және бүйрек функциясын бағалау үшін шарананы ультрадыбыстық зерттеуден өткізуге кеңес беріледі.

Аналары жүктілік кезінде АӨФ тежегіштерін қабылдаған сәбилер гипотензия тұрғысынан мұқият тексерілуі тиіс (4.4 бөлімін қараңыз).

#### Лактация

Нолипрел Би-форте дәрілік препараты бала емізу кезеңінде қарсы көрсетілімді.

#### Индапамид

Қазіргі таңда индапамид немесе оның метаболиттерінің емішек сүтімен бөлінуі туралы нақты ақпарат жоқ.

Жаңа туған нәрестеде сульфонамид туындыларына жоғары сезімталдық және гипокалиемия дамуы мүмкін.

Жаңа туған нәрестелер/сәбилер үшін қауіпін жоққа шығаруға болмайды.

Индапамид құрылымы жағынан тиазидті диуретиктерге жақын, оларды қолдану емішек сүті мөлшерінің азаюын немесе лактация бәсеңдеуін тудырады.

Индапамид бала емізу кезеңінде қарсы көрсетілімді.

#### Периндоприл

Периндоприлді бала емізу кезеңінде қолдануға қатысты ақпарат болмауына орай, оны қабылдауға кеңес берілмейді, әсіресе, жаңа туған және шала туған нәрестелерді емізу кезінде қауіпсіздік бейіні жедел зерттелген басқа препараттарды қолданған дұрыс.

#### Фертильділік

##### Жалпы индапамид және периндоприл үшін

Тұқым өрбіту қабілетіне уыттылығының зерттеуінде егеуқұйрықтардың екі жынысының да фертильділігіне әсер болмауы көрсетілді. Болжамды түрде, адамдағы фертильділігіне ықпалы жоқ.

#### **4.7. Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне әсері**

Әсер етуші заттың екеуі де, әрқайсысын жеке алғанда да, индапамид + периндоприл біріктірілімінде де автокөлік немесе басқа механизмдерді басқару қабілетіне әсерін көрсетпейді. Кейбір пациенттерде, әсіресе, емнің басында немесе жүргізілетін емге басқа гипотензиялық препараттарды қосқанда АҚ төмендеуімен байланысты жеке реакциялар туындауы мүмкін. Соның салдарынан автокөлік немесе басқа механизмдерді басқару қабілетіне нұқсан келуі мүмкін.

#### **4.8. Жағымсыз реакциялар**

##### Қауіпсіздік бейін түйіндемесі

Периндоприл «ренин-ангиотензинальдостерон» жүйесін (РААЖ) тежейтін әсерін көрсетеді және индапамид қабылдау аясында калий иондарының бүйрекпен шығарылуын азайтады. Нолипрел Би-форте дәрілік препаратын қолдану аясында пациенттердің 6%-да гипокалиемияның дамуы (калий мөлшері 3,4 ммоль/л-ден аз) білінді.

Ең көп жиі жағымсыз реакциялар:

- индапамид үшін: гипокалиемия, аллергиялық және демікпелік реакцияларға пациенттерде, негізінен, терідегі аса жоғары сезімталдық реакциялары және макула-папулезді бөртпе;
- периндоприл үшін: бас айналу, бас ауыру, парестезия, дисгевзия, көрудің бұзылуы, вертиго, құлақтағы шыңыл, артериялық гипотензия, жөтел, енгігу, іштің ауыруы, іш қату, диспепсия, диарея, жүрек айну, құсу, терінің қышынуы, тері бөртпесі, бұлшықеттердің түйілуі және астения.

Жағымсыз реакциялар кестелік түйіндемесі

Клиникалық зерттеулер және/немесе маркетингтен кейінгі қадағалау кезінде байқалған жағымсыз реакциялар жиілігі келесі бөліктеу түрінде берілген: өте жиі ( $\geq 1/10$ ); жиі ( $\geq 1/100$ , бірақ  $< 1/10$ ); жиі емес ( $\geq 1/1\ 000$ ,  $< 1/100$ ); сирек ( $\geq 1/10\ 000$ ,  $< 1/1\ 000$ ); өте сирек ( $< 1/10\ 000$ ); жиілігі белгісіз (қолжетімді деректер бойынша жиілігін есептеу мүмкін емес).

MedDRA Ағзалар кластары және жүйелері	Жағымсыз реакциялар	Жиілігі	
		Индапамид	Периндоприл
Инфекциялар және инвазиялар	Ринит	-	Өте сирек
Эндокриндік бұзылулар	Диурезге қарсы гормонның талапқа сай емес секреция синдромы (ДҚГТСС)	-	Сирек
Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар	Эозинофилия	-	Жиі емес*
	Агранулоцитоз (4.4 бөлімін қараңыз)	Өте сирек	Өте сирек
	Аплазиялық анемия	Өте сирек	-
	Панцитопения	-	Өте сирек
	Лейкопения	Өте сирек	Өте сирек
	Нейтропения (4.4 бөлімін қараңыз)	-	Өте сирек
	Гемоліздік анемия	Өте сирек	Өте сирек
	Тромбоцитопения (4.4 бөлімін қараңыз)	Өте сирек	Өте сирек
Иммундық жүйе тарапынан бұзылулар	Аса жоғары сезімталдық (аллергиялық және демікпелік реакцияларға бейімділігі бар пациенттерде, негізінен, теріде болатын реакциялар)	Жиі	

<b>Метаболизм және тамақтану бұзылулары</b>	Гипогликемия (4.4 және 4.5 бөлімдерін қараңыз)	-	Жиі емес*
	Гиперкалиемия, препаратты тоқтату кезінде қайтымды (4.4 бөлімін қараңыз)	-	Жиі емес*
	Гипонатриемия (4.4 бөлімін қараңыз)	Жиі емес	Жиі емес*
	Гипохлоремия	Сирек	-
	Гипомагниемия	Сирек	-
	Гиперкальциемия	Өте сирек	-
	Гипокалиемия	Жиі	-
<b>Психикалық бұзылулар</b>	Көңіл-күйдің құбылуы	-	Жиі емес
	Депрессия	-	Жиі емес*
	Ұйқының бұзылуы	-	Жиі емес
	Сананың шатасуы	-	Өте сирек
<b>Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар</b>	Бас айналу	-	Жиі
	Бас ауыру	Сирек	Жиі
	Парестезия	Сирек	Жиі
	Дисгевзия	-	Жиі
	Ұйқышылдық	-	Жиі емес*
	Естен тану	Жиілігі белгісіз	Жиі емес*
	Инсульт, жоғары қауіп тобындағы пациенттерде шамадан тыс АҚ төмендеуі салдарынан болуы мүмкін (4.4 бөлімін қараңыз)	-	Өте сирек

	Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттердегі бауыр энцефалопатиясы (4.3 және 4.4 бөлімдерін қараңыз)	Жиілігі белгісіз	-
<b>Көру мүшесі тарапынан бұзылулар</b>	Көрудің бұзылуы	Жиілігі белгісіз	Жиі
	Миопия (4.4 бөлімін қараңыз)	Жиілігі белгісіз	-
	Анық көрмеу	Жиілігі белгісіз	-
	Жедел жабық бұрышты глаукома	Жиілігі белгісіз	-
	Хориоидты жалқық	Жиілігі белгісіз	-
<b>Есту мүшесі және құлақ иірі тарапынан бұзылулар</b>	Вертиго	Сирек	Жиі
	Құлақтағы шыңыл	-	Жиі
<b>Жүрек тарапынан бұзылулар</b>	Жүрек соғуын сезіну	-	Жиі емес*
	Тахикардия	-	Жиі емес*
	Стенокардия (4.4 бөлімін қараңыз)	-	Өте сирек
	Жүрек ырғағының бұзылулары (оның ішінде, брадикардия, қарыншалық тахикардия және жүрекшелер фибрилляциясы)	Өте сирек	Өте сирек
	Миокард инфарктісі, жоғары қауіп тобындағы пациенттерде шамадан тыс АҚ төмендеуі салдарынан болуы мүмкін (4.4 бөлімін қараңыз)	-	Өте сирек

	«Пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардия (өліммен аяқталауы мүмкін) (4.4 және 4.5 бөлімдерін қараңыз)	Жиілігі белгісіз	-
<b>Тамырлар тарапынан бұзылулар</b>	Артериялық гипотензия және онымен байланысты симптомдар (4.4 бөлімін қараңыз)	Өте сирек	Жиі
	Васкулит	-	Жиі емес*
	Қан кернеулер	-	Сирек *
	Рейно синдромы	-	Жиілігі белгісіз
<b>Тыныс алу жүйесі, кеуде қуысы және көкірек ортасы ағзалары тарапынан бұзылулар</b>	Жөтел (4.4 бөлімін қараңыз)	-	Жиі
	Ентігу	-	Жиі
	Бронх түйілуі	-	Жиі емес
	Эозинофилиялық пневмония	-	Өте сирек
<b>Асқазан-ішек бұзылулары</b>	Іштің ауыруы	-	Жиі
	Іш қату	Сирек	Жиі
	Диарея	-	Жиі
	Диспепсия	-	Жиі
	Жүрек айну	Сирек	Жиі
	Құсу	Жиі емес	Жиі
	Ауыз қуысы шырышты қабығының құрғауы	Сирек	Жиі емес
	Панкреатит	Өте сирек	Өте сирек
<b>Бауыр және өт шығару жолдары</b>	Гепатит (4.4 бөлімін қараңыз)	Жиілігі белгісіз	Өте сирек

<b>тарапынан бұзылулар</b>	Бауыр функциясының бұзылуы	Өте сирек	-
<b>Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар</b>	Терінің қышынуы	-	Жиі
	Тері бөртпесі	-	Жиі
	Макула-папулезді бөртпе	Жиі	-
	Есекжем (4.4 бөлімін қараңыз)	Өте сирек	Жиі емес
	Ангиневроздық ісіну (4.4 бөлімін қараңыз)	Өте сирек	Жиі емес
	Пурпура	Жиі емес	-
	Қатты тер бөлінісі	-	Жиі емес
	Фотосезімталдық реакциясы	Жиілігі белгісіз	Жиі емес*
	Пемфигрид	-	Жиі емес*
	Псориаз өршуі	-	Сирек *
	Көп пішінді эритема	-	Өте сирек
	Уытты эпидермалық некролиз	Өте сирек	-
	Стивенс-Джонсон синдромы	Өте сирек	-
<b>Бұлшықет, қаңқа және дәнекер тін тарапынан бұзылулар</b>	Бұлшықеттердің түйілуі	Жиілігі белгісіз	Жиі
	Бұрыннан бар жүйелі қызыл жегінің болжамды нашарлауы	Жиілігі белгісіз	-
	Артралгия	-	Жиі емес*

	Миалгия	Жиілігі белгісіз	Жиі емес*
	Бұлшықет әлсіздігі	Жиілігі белгісіз	-
	Рабдомиолиз	Жиілігі белгісіз	-
<b>Бүйрек және несеп шығару жолдары тарапынан бұзылулар</b>	Бүйрек жеткіліксіздігі	Өте сирек	Жиі емес
	Бүйректің жедел жеткіліксіздігі	-	Сирек
	Анурия/олигурия	-	Сирек *
<b>Ұрпақ өрбіту жүйесі және сүт бездері тарапынан бұзылулар</b>	Эректильді дисфункция	Жиі емес	Жиі емес
<b>Жалпы бұзылулар және енгізген жердегі реакциялар</b>	Астения	-	Жиі
	Кейде қуысының ауыруы	-	Жиі емес*
	Дімкәстану	-	Жиі емес*
	Шеткері ісінулер	-	Жиі емес*
	Қызба	-	Жиі емес*
	Қатты қалжырау	Сирек	-
<b>Зертханалық және құралмен тексеру деректері</b>	Қандағы мочевина концентрациясының жоғарылауы	-	Жиі емес*
	Қандағы креатинин концентрациясының жоғарылауы	-	Жиі емес*
	Гипербилирубинемия	-	Сирек
	«Бауыр» ферменттері белсенділігінің жоғарылауы	Жиілігі белгісіз	Сирек

	Гемоглобин және гематокрит төмендеуі (4.4 бөлімін қараңыз)	-	Өте сирек
	Қандағы глюкоза концентрациясының жоғарылауы	Жиілігі белгісіз	-
	Қандағы несеп қышқылы концентрациясының жоғарылауы	Жиілігі белгісіз	-
	ЭКГ-да QT аралығының ұзаруы (4.4 және 4.5 бөлімдерін қараңыз)	Жиілігі белгісіз	-
<b>Жарақаттар, уыттанулар және емшаралар асқынулары</b>	Құлап қалу	-	Жиі емес*

\* Өздігінен келіп түскен хабарламалар бойынша анықталған жағымсыз реакциялар жиілігін бағалау клиникалық зерттеулер нәтижелерінің деректері негізінде жүргізілді.

Жекелеген жағымсыз реакциялар сипаттамасы:

Индапамид 1,5 және 2,5 мг дозаларында қан плазмасындағы калий концентрациясы бойынша салыстырылатын II және III фазадағы зерттеулер кезінде индапамидтің дозаға тәуелді әсері анықталды:

- 1,5 мг индапамид: қан плазмасындағы калий концентрациясы 4-6 апта емделуден кейін пациенттердің 10%-да < 3,4 ммоль/л, пациенттердің 4%-да < 3,2 ммоль/л мөлшерінде байқалды. Емдеудің 12 аптасынан соң қан плазмасындағы калий концентрациясының орташа төмендеуі 0,23 ммоль/л құрады.
- 2,5 мг индапамид: қан плазмасындағы калий концентрациясы 4-6 апта емделуден кейін пациенттердің 25%-да < 3,4 ммоль/л, пациенттердің 10%-да < 3,2 ммоль/л мөлшерінде байқалды. Емдеудің 12 аптасынан соң қан плазмасындағы калий концентрациясының орташа төмендеуі 0,41 ммоль/л құрады.

Күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Дәрілік препараттың «пайда-қауіп» арақатынасын үздіксіз мониторингтеуді қамтамасыз ету мақсатында дәрілік препараттың тіркеуден кейін күмән тудырған жағымсыз реакциялары туралы хабарлау маңызды. Медициналық қызметкерлерге Еуразия экономикалық одағына мүше мемлекеттердің жағымсыз реакциялар туралы ұлттық хабарландыру жүйелері арқылы дәрілік препараттың кез келген күмәнді жағымсыз реакциялары туралы мәлімдеуге кеңес беріледі.

#### *Ресей Федерациясы*

Денсаулық сақтау саласын қадағалау жөніндегі федералдық қызмет (Росздравнадзор)

Мекенжайы: 109012, Мәскеу қ., Славян алаңы, 4 үй, 1 құрылыс

Тел.: +7 (800) 550-99-03

Эл. пошта: [pharm@roszdravnadzor.gov.ru](mailto:pharm@roszdravnadzor.gov.ru)

[www.roszdravnadzor.gov.ru](http://www.roszdravnadzor.gov.ru)

#### *Армения Республикасы:*

«Дәрілер мен медициналық технологиялар орталығы» МКЕҰ

Мекенжайы: 0051, Ереван қ., Комитас даңғ. 49/5

Тел.: (+ 374 60) 83-00-73, (+ 374 10) 23-08-96, (+ 374 10) 23-16-82

Дәрілер қауіпсіздігін мониторингтеу бөлімінің жедел желісі:

(+374 10) 20-05-05, (+374 96) 22-05-05

Эл. пошта: [info@ampra.am](mailto:info@ampra.am), [vigilance@pharm.am](mailto:vigilance@pharm.am)

<http://pharm.am>

#### *Беларусь Республикасы*

«Денсаулық сақтау сараптамалары мен сынақтарының орталығы» УК

Мекенжайы: 220037, Минск, Товарищеский тұйық көшесі, 2 а үй

Тел.: + 375 (17) 242-00-29

Факс: + 375 (17) 242-00-29

Эл. пошта: [rcpl@rceth.by](mailto:rcpl@rceth.by) <http://www.rceth.by>

#### *Қазақстан Республикасы*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

Мекенжайы: 010000, Астана қ., Байқоңыр ауданы, А. Иманов көш., 13 («Нұрсәулет 2» БО),

Тел.: + 7 (7172) 235-135

Эл. пошта: [farm@dari.kz](mailto:farm@dari.kz)

<http://www.ndda.kz>

*Қырғыз Республикасы:*

Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар департаменті

Мекенжайы: 720044, Бішкек қ., 3-я линия көш., 25

Тел.: +996 (312) 21 92 78

Эл. пошта: [pharm@dlsmi.kg](mailto:pharm@dlsmi.kg)

<http://dlsmi.kg>

#### **4.9. Артық дозалану**

##### Симптомдары

Артық дозаланудың ең зор ықтималды симптомы кейде жүрек айну, құсу, құрысулармен, бас айналу, ұйқышылдық, сананың шатасуымен, анурияға (гиповолемия нәтижесінде) ұласуы мүмкін олигуриямен бірге артериялық гипотензия болып табылады. Су-электролит бұзылулары да (гипонатриемия, гипокалиемия) туындауы мүмкін.

##### Емдеу

Қолданылуы қажетті алғашқы шаралар қабылданған препаратты жылдам шығарумен жүзеге асады: мамандандырылған орталық жағдайларында асқазанды шаю және/немесе белсендірілген көмір қабылдап, одан кейін су-электролит теңгерімін қалпына келтіру.

Айқын АҚ төмендеуі жағдайында пациентті аяғын сәл көтеріңкіреп, шалқасынан «жату» қалпына көшіру керек.

Қажет болса, сұйықтық көлемін толықтыруды изотониялық тұз ерітіндісін вена ішіне инфузиялау жолымен (мысалы, натрий хлоридінің 0,9% ерітіндісінің венаішілік инфузиясы) немесе сұйықтық көлемін толықтырудың кез келген басқа тәсілімен орындауға болады. Периндоприлдің белсенді түрі - периндоприлатты организмнен диализ көмегімен шығаруға болады (5.2 бөлімін қараңыз).

#### **5. ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ**

## 5.1. Фармакодинамикалық қасиеттері

Фармакотерапиялық тобы: ренин-ангиотензин жүйесіне әсер ететін дәрілер; ангиотен өзгертуші фермент (АӨФ) тежегіштері, біріктірілімдер; АӨФ тежегіштері және диуретиктер.

АТХ коды: С09ВА04

Нолипрел Би-форте – құрамында индапамид пен периндоприл аргинині бар біріктірілген препарат. Нолипрел Би-форте дәрілік препаратының фармакологиялық қасиеттері өзінде компоненттердің әрқайсысының жекелеген қасиеттерін біріктіреді.

### Әсер ету механизмі

#### Нолипрел Би-форте

Индапамид пен периндоприл біріктірілімі олардың әрқайсысының гипертензияға қарсы әсерін күшейтеді.

#### Индапамид

Индапамид фармакологиялық қасиеттері бойынша тиазидті диуретиктерге жақын сульфонамидтер тобына жатады. Индапамид Генле ілмегінің кортикальді сегментінде натрий иондарының кері сіңірілуін тежейді, бұл натрий, хлор иондарының және аз дәрежеде калий мен магний иондарының бүйрекпен шығарылуының артуына алып келіп, сол арқылы диурезді күшейтеді және артериялық қысымды төмендетеді.

#### Периндоприл

Периндоприл – I ангиотензинді II ангиотензинге өзгертетін фермент тежегіші (ангиотензин өзгертуші фермент (АӨФ) тежегіші). АӨФ немесе кининаза II – I ангиотензинді тамыр тарылтатын зат - II ангиотензинге өзгеруін де, тамыр кеңейтетін әсері бар брадикининнің белсенді емес гептапептидке дейін ыдырауын да жүзеге асыратын экзопептидаза болып табылады.

Нәтижесінде периндоприл:

- альдостерон секрециясын төмендетеді;
- теріс кері байланыс қағидаты бойынша қан плазмасындағы ренин белсенділігін арттырады;
- ұзақ уақыт қолдану кезінде, негізінен, бұлшықет пен бүйректің тамырларына әсер ету себебінен болатын жалпы шеткері тамыр кедергісін (ЖШТК) азайтады. Бұл әсерлер натрий иондарының және сұйықтықтың іркілісімен немесе рефлекторлық тахикардия дамуымен қатар жүрмейді.

Периндоприл алдыңғы жүктеме мен кейінгі жүктемені төмендеті отырып, миокард жұмысын қалыпқа түсіреді. Жүректің созылмалы жеткіліксіздігі (ЖСЖ) бар пациенттерде гемодинамика көрсеткіштерінің зерттеуінде анықталды:

- жүректің сол жақ және оң жақ қарыншаларында толу қысымының төмендеуі;
- ЖШТК төмендеуі;
- Жүрек лықсуының артуы және жүрек индексінің көтерілуі;
- бұлшықеттік шеткері қан ағымының күшеюі.

#### Фармакодинамикалық әсерлері

##### Нолипрел Би-форте гипертензияға қарсы әсері

Нолипрел Би-форте дәрілік препараты «тік тұрған» күйде де, «жатқан» қалыпта да диастолалық та, систолалық та АҚ-на дозаға тәуелді гипертензияға қарсы әсерін көрсетеді. Гипертензияға қарсы әсері 24 сағат бойы сақталады. Тұрақты емдік әсері емнің басталуынан 1 сағаттан аз уақыт өткен соң дамиды және тахифилаксиямен қатар жүрмейді. Емдеуді тоқтату «тоқтату» синдромын тудырмайды.

Нолипрел Би-форте дәрілік препараты сол жақ қарынша гипертрофиясы (СҚГ) дәрежесін азайтады, артериялардың серпімділігін жақсартады, ЖШТК төмендетеді, липидтер метаболизміне (жалпы холестерин, тығыздығы жоғары липопротеиндер (ТЖЛП) және тығыздығы төмен липопротеиндер (ТТЛП) холестерині, триглицеридтер) ықпал етпейді.

Индапамид пен периндоприл біріктірілімін қолданудың, эналаприлмен салыстырғанда, СҚГ-на ықпалы дәлелденген. Тәулігіне бір рет 0,625 мг индапамид/2 мг периндоприл эрбуминімен (2,5 мг периндоприл аргининіне баламалы) немесе 10 мг дозадағы эналаприлмен ем қабылдаған артериялық гипертензия мен СҚГ бар пациенттерде және индапамид дозасын 2,5 мг дейін және периндоприл эрбумині дозасын 8 мг дейін (10 мг периндоприл аргининіне баламалы) немесе эналаприлді 40 мг дейін тәулігіне бір рет арттырғанда индапамид + периндоприл тобында, эналаприл тобымен салыстырғанда, сол жақ қарынша салмағы индексінің (СҚСИ) өте мәнді төмендеуі білінді. Осы орайда, 2,5 мг индапамид/8 мг периндоприл эрбуминін қолдану кезінде СҚСИ мәнінің ең көп елеулі әсері білінеді.

Индапамидпен және периндоприлмен біріктірілген ем аясында, эналаприлмен салыстырғанда, өте айқын гипертензияға қарсы әсері білінді.

##### Индапамид

Препаратты ең төмен диурездік әсер ететін дозаларда қолданғанда гипертензияға қарсы әсері көрініс береді.

Индапамидтің гипертензияға қарсы әсері ЖШТК азаюымен ірі артериялардың серпімділік қасиеттерін жақсартумен байланысты.

Индапамид СКГ дәрежесін азайтады, қан плазмасындағы липидтер: триглицеридтер, жалпы холестерин, ТТЛП, ТЖЛП концентрациясына; көмірсу алмасуға ықпал етпейді (оның ішінде қатарлас қант диабеті бар пациенттерде).

### Периндоприл

Периндоприл ауырлығы кез келген дәрежедегі артериялық гипертензия емінде тиімді. Препарат гипертензияға қарсы әсеріне бір рет ішке қабылдаудан кейін, көп дегенде, 4-6 сағаттан соң жетеді және 24 сағат бойы сақталады. Препаратты қабылдаудан кейін 24 сағаттан соң АӨФ айқын (80% шамасында) қалдықтық тежелісі байқалады.

Периндоприл қан плазмасындағы ренин белсенділігі төмен де, қалыпты да пациенттерде гипертензияға қарсы әсерін көрсетеді.

Тиазидті диуретиктерді бірге қолдану гипертензияға қарсы әсер ету айқындылығын күшейтеді. Бұдан бөлек, АӨФ тежегіші мен тиазидті диуретикті біріктіру диуретиктерді қабылдау аясында гипокалиемианың даму қаупінің де төмендеуіне әкеледі.

### Клиникалық тиімділігі және қауіпсіздігі

#### *Ренин-ангиотензин-альдостерон жүйесін (РААЖ) қосарлы бөгеу*

АӨФ тежегіші ангиотензин II рецепторларының антагонистерімен (АРА II) қолданылатын біріктірілген емге жүргізілген клиникалық зерттеулер деректері бар.

Анамнезінде жүрек-қантамырлық немесе цереброваскулярлық ауруы әлде нысана-ағзаның расталған зақымдануымен қатар жүретін 2 типті қант диабеті бар пациенттердің қатысуымен клиникалық зерттеулер, сондай-ақ 2 типті қант диабеті мен диабеттік нефропатия бар пациенттердің қатысуымен зерттеулер жүргізілді.

Зерттеу деректерінде, біріктірілген ем қабылдаған пациенттерде, бүйрек және/немесе кардиоваскулярлық оқиғалардың туындауына және өлімге ұшырау көрсеткішіне елеулі оң әсер анықталмады, ал монотерапия алған пациенттермен салыстырғанда, гиперкалиемиа, бүйректің жедел жеткіліксіздігі және/немесе артериялық гипотензияның даму қаупі жоғарылаған.

АӨФ тежегіштері мен АРА II топтар ішіндегі фармакодинамикалық қасиеттерінің ұқсас екенін ескере отырып, аталған нәтижелерді кез келген басқа препараттардың, АӨФ тежегіштері мен АРА II кластары өкілдерінің өзара әрекеттесуінде күтуге болады. Сондықтан диабеттік нефропатия бар пациенттерде АӨФ тежегіштерін

ангиотензин II рецепторларының антагонистерімен біріктірілімде қолдану қарсы көрсетілімді.

2 типті қант диабеті және бүйректің созылмалы ауруы немесе жүрек-қантамыр ауруы әлде осы аурулардың бірігуі бар пациенттерде алискиренді АРА II немесе АӨФ тежегішімен стандартты емге қосудан болатын оң әсерінің клиникалық зерттеу деректері бар. Зерттеу қолайсыз нәтижелердің туындау қаупінің артуына байланысты мерзімінен бұрын тоқтатылды. Жүрек-қантамырлық өлім және инсульт, плацебо тобымен салыстырғанда, алискирен қабылдап жүрген пациенттер тобында жиірек туындады. Сонымен қатар, жағымсыз құбылыстар және ерекше мүдде тудыратын күрделі жағымсыз құбылыстар (гиперкалиемиа, артериялық гипотензия және бүйрек функциясының бұзылулары), плацебо тобына қарағанда, алискирен тобында жиірек тіркелді.

### Балалар

Балаларда Нолипрел Би-форте қолдану жөнінде деректер жоқ.

## **5.2. Фармакокинетикалық қасиеттері**

### Нолипрел Би-форте

Индапамид пен периндоприлді бірге қолдану, оларды бөлек қолданумен салыстырғанда, олардың фармакокинетикалық сипаттамаларын өзгертпейді.

### Индапамид

#### Сіңірілуі

Индапамид асқазан-ішек жолынан тез және толық сіңіріледі. Қан плазмасындағы ең жоғары концентрациясына препарат ішке қабылдаудан кейін 1 сағаттан соң жетеді.

#### Таралуы

Қан плазмасының ақуыздарымен байланысы 79% құрайды.

#### Биотрансформациясы және элиминациясы

Жартылай шығарылу кезеңі ( $T_{1/2}$ ) 14-24 сағатқа созылады (орта есеппен, 18 сағат). Препаратты қайталап қолдану оның организмде жинақталуына алып келмейді. Негізінен несеппен (енгізілген дозаның 70%-ы) және нәжіспен (22%-ы) белсенді емес метаболиттер түрінде шығарылады.

#### Пациенттердің ерекше топтары

##### Бүйрек функциясының бұзылуы

Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде фармакокинетикасы өзгермейді.

##### Сіңірілуі және биожетімділігі

Ішке қабылдаудан кейін периндоприл тез сінеді, ал шындық концентрациясына 1 сағат ішінде жетеді. Периндоприлдің жартылай шығарылу кезеңі 1 сағатқа тең. Ас ішу периндоприлдің периндоприлатқа айналуын баяулатып, осылайша, биожетімділігіне ықпал етеді. Сондықтан периндоприлді тәулігіне бір рет таңертең ас ішу алдында қабылдау керек.

#### Таралуы

Байланыспаған периндоприлаттың таралу көлемі 0,2 л/кг жуық. Периндоприлаттың қан плазмасы ақуыздарымен, ең алдымен, АӨФ-мен байланысы периндоприл концентрациясына тәуелді және 20% жуық құрайды.

#### Биотрансформациясы

Периндоприл ізашар дәрі түрінде болады. Ішке қабылданған периндоприлдің жалпы мөлшерінің 27% жуығы периндоприлат белсенді метаболиті түрінде қан ағымына түседі. Белсенді периндоприлаттан тыс, фармакологиялық белсенділігі жоқ тағы 5 метаболит түзіледі. Периндоприлат қан плазмасындағы шындық концентрациясына 3-4 сағат ішінде жетеді.

#### Элиминациясы

Периндоприлат организмнен несеппен шығарылады, ал бос фракциясының соңғы жартылай шығарылу кезеңі ( $T_{1/2}$ ) 17 сағатқа жуық созылады, соның нәтижесінде тепе-теңдік күйіне 4 тәулік ішінде жетеді.

#### Дозаға тәуелділігі (тәуелсіздігі)

Периндоприл дозасы мен оның қан плазмасындағы концентрациясы арасында желілік тәуелділік көріністелді.

#### Пациенттердің ерекше топтары

##### *Егде жастағы пациенттер*

Периндоприлаттың шығарылуы егде жастағы пациенттерде, сондай-ақ жүрек немесе бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде төмендейді.

##### *Бүйрек функциясының бұзылуы*

Бүйрек функциясының бұзылуында дозаны бұзылу дәрежесіне қарай (креатинин клиренсі) түзеткен дұрыс.

##### *Диализ*

Периндоприлаттың диализдік клиренсі 70 мл/мин.

##### *Бауыр циррозы*

Бауыр циррозы бар пациенттерде периндоприл фармакокинетикасы өзгерген сипатта болады: бастапқы молекуласының бауырлық клиренсі екі есе төмендеген. Дегенмен де,

түзілген периндоприлат мөлшері азаймайды, ал, демек, дозаны түзету қажет емес (4.2 және 4.4 бөлімдерін қараңыз).

### **5.3. Клиникаға дейінгі қауіпсіздік деректері**

Индапамид пен периндоприл біріктірілімінің, олардың компоненттеріне қарағанда, біршама көп уыттылығы бар. Бүйрек көріністері, сірә, егеуқұйрықтарда күшеймейді. Алайда, біріктірілім иттерде асқазан-ішек уыттануын, ал буаз ұрғашыларда уытты әсерін тудырады, сірә, бұл егеуқұйрықтарда (периндоприлмен салыстырғанда) тератогенді әсерсіз күшейеді.

Дегенмен де, осы жағымсыз әсерлері пайдаланылған емдік дозалардан едәуір асып кететін дозалар деңгейлерінде көрініс береді.

*Индапамид үшін:*

Жануарлардың әр алуан түрлеріне пероральді енгізілген (емдік дозасынан 40-8000 есе асып кететін) ең жоғары дозалары индапамидтің несеп айдау қасиеттерінің күшеюін көрсетті. Вена ішіне немесе құрсақ ішіне енгізілген индапамидтің жедел уыттылығының зерттеулері кезіндегі брадипноэ және шеткері вазодилатация сияқты негізгі улану симптомдары индапамидтің фармакологиялық қасиетімен байланысты болды.

Тұқым өрбіту қабілетіне уыттылығының зерттеулерінде эмбриоуытты немесе тератогенді әсері анықталмады, фертильділігінің бұзылуы болмады.

Зерттеулер индапамидтің мутагенді немесе канцерогенді қасиеттеріне қатысты теріс нәтижесін көрсетті.

*Периндоприл үшін:*

Созылмалы пероральді уыттылық зерттеулерінде (егеуқұйрықтарда және маймылдарда) нысана-ағза бүйрек болып табылады, осы ретте зақымдану қайтымды сипатта болады.

In vitro немесе in vivo зерттеулерінде мутагенді қасиеттері байқалмады.

Тұқым өрбіту қабілетіне уыттылығының зерттеулерінде (егеуқұйрықтарда, тышқандарда, үй қояндарында және маймылдарда) эмбриоуыттылық немесе тератогенділік белгілері анықталмады. Алайда, класс ретінде ангиотензин өзгертуші фермент тежегіштерінің кеміргіштер мен үй қояндарында төлдің өліп қалуына және туа біткен зардаптарына әкеле отырып, ұрықтың кешірек даму сатыларына қолайсыз әсерінің бар екені көрсетілді: бүйрек зақымдануы, әрі пери- және

постнатальді өлімге көп ұшырау байқалды. Еркек те, ұрғашы да егеуқұйрықтарда фертильділігінің бұзылуы болмады.

Егеуқұйрықтар мен тышқандарда жүргізілген ұзақ мерзімді зерттеулерде канцерогенді қасиеттері байқалмады.

## **6. ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ**

### **6.1. Қосымша заттар тізбесі**

Лактоза моногидраты

Магний стеараты

Мальтодекстрин

Сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы

Натрий карбоксиметилкрахмалы (А типі)

*Үлбірлі қабық:*

Глицерол

Гипромеллоза

Макрогол 6000

Магний стеараты

Титанның қостотығы (E171)

### **6.2. Үйлесімсіздік**

Қатысты емес.

### **6.3. Жарамдылық мерзімі**

3 жыл.

### **6.4. Сақтау кезіндегі ерекше сақтандыру шаралары**

30 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

### **6.5. Бастапқы қаптаманың сипаты және ішіндегісі**

30 таблеткадан дозатормен және құрамында ылғал сіңіргіш гель бар тығынмен жабдықталған полипропилен кұтыда.

1 кұтыдан қосымша парақпен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

Стационарларға арналған қаптама («СЕРВЬЕ РУС» ЖШҚ», Ресей өндірісінде):

30 таблеткадан дозатормен және құрамында ылғал сіңіргіш гель бар тығынмен жабдықталған полипропилен кұтыда.

3 кұтыдан қосымша парақтардың бірдей санымен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

**6.6. Пайдаланылған дәрілік препаратты немесе дәрілік препаратты қолданудан кейін алынған қалдықтарды жою кезіндегі айрықша сақтандыру шаралары және препаратпен жасалатын манипуляциялар**

Жойылуына қойылатын ерекше талаптар жоқ.

**7. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ ҰСТАУШЫСЫ**

«Лаборатории Сервье»/Les Laboratoires Servier

50, Карно көш., 92284 Сюрен Седекс, Франция/50, rue Carnot, 92284 Suresnes Cedex, France

**7.1. Тіркеу куәлігі ұстаушысының өкілі**

Тұтынушылар шағымдарын мына мекенжайға жолдау керек:

Ресей Федерациясы

«Сервье» АҚ

Мекенжайы: 125196, Мәскеу қ., Лесная көш., 7 үй, 7/8/9 қабат

Тел.: +7 (495) 937-07-00

Эл. пошта: [servier.russia@servier.com](mailto:servier.russia@servier.com)

Армения Республикасы

«Ле Лаборатуар Сервье» компаниясының Армения Рспубликасындағы өкілдігі

Мекенжайы: 0002, Ереван қ., Кентрон, Амирян көш., 15, 100 дүкен

Тел.: +374 (10) 50-50-74

Эл. пошта: [pvarmenia@servier.com](mailto:pvarmenia@servier.com)

Беларусь Республикасы

Беларусь Республикасындағы «Les Laboratoires Servier» (Француз Республикасы) УАҚ өкілдігі

Мекенжайы: 220030, Минск қ., Мясников көш., 70, 303 кеңсе

Тел.: +375 (17) 306-54-55/56

Эл. пошта: [officeBY@servier.com](mailto:officeBY@servier.com)

Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасы

«Сервье Қазақстан» ЖШС

Мекенжайы: 050020, Алматы қ., Достық даңғ., 310Г

Тел.: +7 (727) 386 76 62

Эл. пошта: [kazadinfo@servier.com](mailto:kazadinfo@servier.com)

## **8. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ НӨМІРІ**

Ресей Федерациясында: ЛП-№(001806)-(РГ-RU)

Армения Республикасында: ЛП-№(001806)-(ГП-AM)

Беларусь Республикасында: ЛП-№001806-ГП-ВУ

Қырғыз Республикасында: ЛП-№(001806)-(ГП-KG)

Қазақстан Республикасында: ЛП-№001806-ГП-KZ

## **9. БАСТАПҚЫ ТІРКЕЛГЕН (ТІРКЕУ, ҚАЙТА ТІРКЕУ РАСТАЛҒАН) КҮН**

Ресей Федерациясында: 13.02.2023

Армения Республикасында: 08.02.2024

Беларусь Республикасында: 11.03.2024

Қырғыз Республикасында: 09.04.2024

Қазақстан Республикасында: 26.03.2025

## **10. МӘТІН ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН КҮН**

Нолипрел Би-форте дәрілік препаратының жалпы сипаттамасын «Интернет» ақпараттық-телекоммуникация желісіндегі Еуразия экономикалық одағының <http://ees.eaunion.org>. ақпараттық порталынан қарауға болады.

*Дата утверждения 06.05.2026.*